

"Мемлекеттік органдарды қызметтік және кезекші автомобильдермен, телефон байланысымен, кеңсе жиһазымен және мемлекеттік органдардың аппаратын орналастыру үшін аландармен қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы № 179 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің м.а 2017 жылғы 25 шілдедегі № 452 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 23 тамызда № 15528 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Мемлекеттік органдарды қызметтік және кезекші автомобильдермен, телефон байланысымен, кеңсе жиһазымен және мемлекеттік органдардың аппаратын орналастыру үшін аландармен қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы № 179 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 10762 тіркелді, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 30 сәуірде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрыққа "Мемлекеттік органдарды қызметтік және кезекші автомобильдермен қамтамасыз етудің заттай нормалары" деген 1-қосымшада:

реттік нөмірі 6-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

6	Конституциялық Кеңес	Төраға	1	3100
		Конституциялық Кеңес мүшелері	1	2000
		Конституциялық Кеңес аппаратының басшысы	1	2000

";

ескертпе ***** және ***** бойынша орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтін өзгермейді;

ескертпе ***** мынадай редакцияда жазылсын:

*****осы заттай "Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық", "Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот Кеңесінің аппараты" мемлекеттік мекемелеріне де қолданылады, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі үшін 2 бірлікте, оның ішінде 1 бірлік Астана және Алматы қалаларында Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі құрамына көліктік қызмет көрсету үшін 1 бірлік, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің аппараты үшін 1 бірлік кезекші автомобильмен қамтамасыз етудің заттай нормасы белгіленсін."

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджет заңнамасы департаменті (З.А. Ерназарова) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі көшірмелерін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін қағаз және электрондық түрде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерінің мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігінің
міндеттін атқарушы*

T. Савельева

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК